

А. Сатова^{ORCID}, Т. Ингайбекова^{ORCID}

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: Tolkyn.amangeldi@inbox.ru

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП БАЛАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Мақалада зияты зақымдалған балаларды қарым-қатынас жасауға үйрету, коррекциялық жұмыстар жүргізу, мүмкіндігіне қарай әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру әдіс-тәсілдері қарастырылған. Өйткені, қарым-қатынас арқылы бала өзін, қоршаған әлемді таниды. Бұл өзекті мәселе, баланы бейімдеу, әлеуметтендіру, үйрету – күрделі процесс. Қазіргі таңда зияты зақымдалған бала сәтті бейімделу үшін қоғамдық дағдыларды меңгеру керек. Қоғамдық құбылыстарға бейімделу, әлеуметтену тек қарым-қатынас дағдылары арқылы қалыптасады. Өсіп келе жатқан адам үшін басты дүние оның мінезі, іс-әрекеті, адамдармен қарым-қатынасы. Осы дүние арқылы адам өмірдің әртүрлі кезеңдерінен өтеді. Өмір кезеңдері арқылы зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынасы маңызды. Адамның даму кезеңінде негізгі адамгершілік құндылықтар қалыптасады, өзін-өзі тану процесі жүреді, дағдылану мүмкіндіктері пайда болады.

Түйін сөздер: зияты зақымдалған бала, қарым-қатынас, әлеуметтік-коммуникативтік дағды, ауызша қарым-қатынас құралдары, қарым-қатынас дағдылары, бейімделу, әлеуметтендіру.

A. Satova, T. Ingaibekova*

Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Kazakhstan, Almaty

*e-mail: Tolkyn.amangeldi@inbox.ru

Methods for forming social and communication skills in primary school students with limited intellectual communication opportunities

The article deals with methods of teaching children with intellectual disabilities to communicate, conducting corrective work, and forming their social and communicative skills. As it is known by way of communication, the child gets to know himself and the world around him. This is an urgent problem, adaptation, socialization and training of a child is a complex process. Today, a child with intellectual disabilities needs to learn social skills in order to successfully adapt. Adaptation to social phenomena, socialization is formed only through communication skills. The main thing for a growing person is his character, actions, relationships with people. Through this world, a person goes through different stages of life. Relationships with adults and peers are important in the formation of social and communicative skills of intellectually disabled children through the stages of life. In the period of human development, basic moral values are formed, the process of self-awareness takes place, opportunities for habituation appear.

Key words: intellectually disabled child, communication, social-communicative skills, oral communication tools, communication skills, adaptation, socialization.

А. Сатова, Т. Ингайбекова*

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: Tolkyn.amangeldi@inbox.ru

Методы формирования социально-коммуникативных навыков у учащихся начальных классов с ограниченными интеллектуальными возможностями общения

В статье рассматриваются методы обучения детей с ограниченными интеллектуальными возможностями общения, проведения коррекционной работы, формирования у них социально-коммуникативных навыков. Как известно, через общение ребенок познает себя и окружающий мир. Сегодня ребенку с умственной отсталостью необходимо осваивать социальные навыки, чтобы успешно адаптироваться. Адаптация к социальным явлениям, социализация формируются только за счет коммуникативных навыков. Главное для растущего человека – это его характер, по-

ступки, отношения с людьми. Через этот мир человек проходит разные этапы жизни. Отношения со взрослыми и сверстниками важны в формировании социальных и коммуникативных навыков умственно отсталых детей на разных этапах жизни. В период развития человека формируются основные нравственные ценности, происходит процесс самосознания, появляются возможности привыкания. Эта проблема, касающаяся адаптации, социализации и обучения ребенка, очень актуальна и представляет собой сложный процесс.

Ключевые слова: умственно отсталый ребенок, общение, социально-коммуникативные навыки, средства устного общения, коммуникативные навыки, адаптация, социализация.

Кіріспе

Зияты зақымдалған балаларды әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың негізгі шарттардың бірі *іс-әрекеті, адамдармен қарым-қатынас, басқа адамдар арқылы іс-әрекет жасауға дағдылану*. Коммуникативтік дағдылар қарым-қатынас пен өзара іс-қимылдар арқылы көрінеді. Зияты зақымдалған балаларды белгілі бір мақсатқа бағытталған әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін коррекциялық, коммуникативтік әдіс-тәсілдер мен құралдардың қолданылу техникасын меңгеру қажет.

Зияты зақымдалу – бұл балада танымдық әрекеттің жеткілікті дәрежеде дамымауы және эмоционалдық ерік сапаларының анық болмауымен сипатталады. Зияты зақымдалған балаларды коррекциялау арқылы оқыту және тәрбиелеу, баланың танымдық, сөйлеу белсенділігін дамыту, баланың дұрыс, үйлесімді даму, әлеуметтік-коммуникативтік дағдыландыру, әлеуметтік бейімдеу ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынасы арқылы қалыптасады. Қарым-қатынас дағдылары өзара сәтті әрекеттесу тәжірибесі арқылы баланың жалпы дамуына: *тұлғалық, зияткерлік, сөйлеу, өзін-өзі бағалау, қоршаған әлемді тану, жағымды эмоционалдық жағдай* туғызуға ықпал етеді. Зияты зақымдалған балаларда сенімсіздік, эмоционалдық бұзылыстар, сөйлеуден, қарым-қатынастан қорқу, көңіл-күйінің төмендеуі, шамадан тыс сезімталдық, алаңдаушылық қатты байқалады. Бұл эмоционалдық бұзылыстар баланың жүйке жүйесін әлсіретеді. Сол сәтте бала өзін жайсыз сезінеді (*кекіру, энурез, қорқыныш, қозғалыстағы қиындықтар*) туындайды. Бұл жағдайда балалардың қарым-қатынас, коммуникативтік байланыс орнату керек. Қарым-қатынас пен коммуникативтік байланыстың баланың зиятына әсеріне байланысты көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілген. Баланың қарым-қатынас қажет-

тілігін қалыптастыру мәселелерімен А.В. Запорожец, Д.Б. Эльконин, қарым-қатынастың рөлін, балалардың қызығушылығын, қарым-қатынас деңгейлерін М.И. Лисина мен А.А. Бодалев қарастырған. Балалардың құрдастарымен қарым-қатынасын А.Г. Ружская, Р.Л. Мухина, А.В. Мудрик, М.И. Лисина еңбектерінде ұсынылған. Зияты зақымдалған балалармен қарым-қатынас мәселесін В.Г. Петров, Е.М. Мاستюков, Г.А. Процко, О.Г. Китин, А.Р. Маллер, Г.В. Цикото, Л.М. Щипицин және т. б. ғалымдар зерттеген. Зияты зақымдалған балалардың даму ерекшеліктерін Ж.И. Шифф, А.Н. Смирнова, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн зерттеген.

Зияты зақымдалған балаларды коррекциялау, әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер мен құралдардың қолданылу техникасын А.А. Леонтьев, М.И. Лисина, Я.Л. Коломинский ұсынған болатын. Ауызша қарым-қатынас құралдары, экспрессивті және мимикалық қарым-қатынас әрекеттері жүзеге асырылатын операциялары А.Н. Леонтьевтің тұжырымдамалық сызбасына сәйкес құрастырылған (Леонтьев, 2004: 83) [1]. Зияты зақымдалған балалардың тұрақсыздығы, танымдық іс-әрекетінің бұзылуы оның сөйлеген сөзі мен қимыл-қозғалысынан байқалады.

Зияты зақымдалған балалардың даму ерекшеліктерін Ж.И. Шифф, А.Н. Смирнов, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн және т.б. дефектологтар Л.С. Выготский, Р.М. Боскис, Т.А. Власова, В.И. (Назарова, 2013: 384) [2] және т.б. ғалымдар қарастырған. Кез келген ағзаның ерте зақымдануы психикалық дамудың ерекшеліктеріне байланысты. Бұл жалпы аномальды дамудың заңдылықтары болып саналады. Педагогика және арнайы психология саласында жүргізілген көптеген зерттеулер (А.Р. Лурия, В.И. Лубовский, Л.А. Новикова, Е.Н. Правда және т.б.) ғалымдар зияты зақымдалған балаларда қоршаған ортаны тануда кездесетін жетіспеушілік қасиеттерді қарастырған (Лубовский, 2005: 464) [3].

1-кесте – «Олигофрения» ұғымына анықтамалар

№	Ғалымдардың аты-жөні	Зияты зақымдалған балалар туралы ой пікірлері
Шетелдік ғалымдар		
1	М.С. Певзнер, К.С. Лебединская	«Олигофрения – баланың аномальды дамуының біртүрі, ол күрделі процесс, онда дамудың бұзылысы баланың жалпы психологиялық дамуы функциясының мәніне және бұзылыс онтогенездің қай сатысында пайда болатынына байланысты». Олигофрения кезінде нормадан қалып қоядан басқа, терең өзгешелік байқалатын, психиканың тұрақты дамымауы болады. Олигофрен балалар дами алады, бірақ бұл процесс баяу жүреді.
2	С.Я. Рубинштейн	Бас миының органикалық зақымдануының салдарынан барлық танымдық қызметті зақымдалған балаларды ақыл-ойы кем балалар деп атаған.
3	М.С. Певзнер	Олигофренияға тән ерекшелік – назар аудармау мен жалпылау үдерістерінің дамымауынан көрінетін зияттың кемістігі ақыл-ой кемістігінің бірден бір емес, негізгі көрсеткіші болуы мүмкін және өзге бұзылулар арқылы, яғни жол бойында кездесетін бұзылулар арқылы асқынады.
4	Э.И. Леонгард	Бір нәрсеге назар аудару қабілеті де төмен дамығандықтан, зейін тұрақтылығы әлсіз. Осы себептен ақыл-ойы кемтар балалардың 50 % сөйлеу тілімен берілген нұсқауларды дұрыс пайдалана алмайды. Еркінше зейін қалыптасуы қиын түседі.
Отандық ғалымдар		
1	А.А. Айдарбекова, Г.И. Елисеєва	Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың оқу жетістіктері деңгейін анықтайтын стандартталған бағалау құралдарын жасаудың маңыздылығын айта келе мониторингтік зерттеулер жасау, нормативті бекітудің өзектілігін атап өтеді.
1	Қ.Қ. Өмірбекова	Афазия – жартылай немесе толығынан сөйлеу қабілетінен айырылу. Мидың жарақаттануынан, мидағы процесс, энцефалит ауруларының негізінде пайда болады.
2	Г.А. Абаева	Игеру қабілеті зақымдалған балалардың байланыстырып сөйлеу ерекшеліктерін, ойдың қазақ фольклорының түрлі жанрларын түсінуін зерттеген болатын.
3	З.Б. Мадалиева, Б.А. Әрінова	Ақыл-ойы артта қалған баламен коррекциялық жұмысты ерте бастау, дефекті максималды түрде жойып, қайталама бұзылыстардың алдын алуға көмектеседі.

Бұл балаларда кездесетін жетіспеушілік қасиеттерді жетілдіру үшін коммуникациялық байланыс орнату, қарым-қатынас жасау арқылы әлеуметтік бейімдеу, сүйемелдеу, қамқорлық жасау, қолдау көрсету, кеңес беру керек.

«Коммуникация» латын тілінен аударғанда «ортақ ету, байланыстыру, араласу» дегенді білдіреді. XIX ғасыр коммуникация техникалық мағынада «байланыс орнындағы жолдар, құралдары» деп қолданылды. XX ғасырдан бастап, ол әлеуметтік мағынаға ие болды (Максимова, 2012: 170) [4]. Л.С. Выготский, В.Н. Курбатов, А.А. Леонтьев т.б. көптеген энциклопедиялық сөздіктерде «коммуникация» ұғымы – хабарлау жолы, қарым-қатынас» деген анықтама береді. Шетелдік ғалым Т. Парасонс «коммуникация – адамдар арасындағы қарым-қатынас, өзара әрекет» деп түсіндірсе, К. Черии «коммуникация – сан алуан байланыс жүйесін пайдаланатын әлеуметтік қарым-қатынас, оның ең маңыздысы тіл және сөз» дейді. С.Каган коммуникация мен қарым-қатынастың басты екі қатынасына қарай айырмашылықтары бар дейді:

Біріншіден, қарым-қатынас практикалық та, материалдық, рухани, ақпараттық және

практикалық-рухани сипатқа ие, коммуникация тек ақпараттық үрдіс – белгілі бірақ ақпаратты тасымалдайтын дейді.

Екіншіден, өзара әрекет жүйесіне түсетін байланыстардың сипатымен ерекшеленеді (Каган, 1998: 109) [5]. Бұл топ балаларының белгілі бір дәрежеде сөйлемеуі, тілдік қатынасының бұзылыстары зиятының зақымдалуымен тікелей байланысты. Психикалық процестерді қабылдау қызметтерінің кешігуі, ми қыртысы мен жүйке жүйесінің әлсіздігіне байланысты. Қалыпты психиканың қалыптасуы жүйке жүйесіне байланысты болады. Зияты зақымдалған балалар қалыпты балалармен бірдей даму заңдылықтарының барлық кезеңдерінен өтеді. Бірақ бейімделуі, әлеуметтенуі көріністері кешіктіріліп отырады. Бірден қалыптасу қиынға соғады. Бұл жағдайда ата-анасымен қарым-қатынас жасауды нығайту керек, қажеттіліктерін ересектердің көмегі арқылы сапалы орындауға үйрету керек.

Педагогикалық сөздікте «қарым-қатынас екі немесе одан да көп адамның өзара әрекеттесуі, танымдық, эмоционалды ақпарат, тәжірибеде бөлісуі, білім алуы» деп тұжырымдайды. Педагогикалық қарым-қатынас жағдайында тыңдаушы

позициясынан келесі коммуникативтік міндеттер бөлінген *«түсіну»*, *«есте сақтау»*, *«жаптау»*, *«меңгеру»*, *«қорытынды жасау»*, *«жауап беру»*, *«теріске шығару»*, *«дәлелдеу»*. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында зияты зақымдалған балаларды жиі кездестіруге болады. Балалардың дамуындағы ауытқулар әр түрлі жолдармен көрінеді. Олар баланың психофизикалық дамуының әр түрлі аспектілеріне қатысты болуы мүмкін: есту-сөйлеу жүйесі, қабылдау, зияты зақымдалу, эмоционалды-еріктік, қозғалыс сферасы және т.б. дәрежелері мен себептері туындауда.

Зияты зақымдалу – бұл ми құрылымы мен функцияларының бұзылуынан туындайтын жағдай. *Зияты зақымданған балалардың ерекшеліктері* біреудің сөйлеуін нашар түсінеді, олар сөйлеушінің үнін, интонациясын, бет-әлпетін және көбінесе олардың қажеттіліктеріне байланысты жеке тірек сөздерді қабылдай алады. Біздің мақсат – балалардың пассивті сөздігін кеңейтіп, коммуникативтік қабілетін дамыту. Зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруымыз керек. Бастауыш сынып оқушыларының белсенді сөздік қоры өте шектеулі, ол күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздерден тұрады. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы фразалардың біртұтастығымен, сөйлемдердегі сөздердің үйлесімділігінің бұзылуымен байқалады. Балалардың сөйлеу қарым-қатынасын түзету, баланы сөйлетуге итермелейтін мотивтер мен байланыс құралдарына байланысты болады. Үйлесімді сөйлеудің қалыптасуы баяу қарқынмен жүзеге асады және сапалық ерекшеліктерімен сипатталады. Зияты зақымдалған балалар сұрақ-жауап кезінде, жағдаяттық сөйлеу барысында ұзақ уақыт тұрады. Бұндай жағдайда балаларын ынталандыруды, үлкендер тарапынан көмекті, психологиялық қолдауды қажет етеді. Көбіне бет әлпеттерімен, көзқарастарымен жауап беруге тырысады. Диалог барысында ересек адам бастаушы рөлде болады. Ал балалар түрлі әрекеттермен ерекшеленеді. Кейбіреулер жауап бермес бұрын ұзақ уақыт үндемейді, үнсіз тұрады. Келесі бала керісінше, көп сөйлейді. Кейбір балалар тек мұғалімнің жауабын қайталайды. Балалар өз бетімен жеке сөздермен қысқа тіркестер негізінде сөйлейді. Ол *модуляция*, *жеткіліксіздік*, *сөз құрылымының бұзылуы*, *аграмматизм* негізінде сипатталады. Сондықтанда балаларда сөйлеу әрекетінің барлық операциялары қалыптаспайды. Мысалы: мотивацияның әлсіздігі,

сөйлеу қарым-қатынасына қажеттілігінің төмендеуі, бағдарланған сөйлеу әрекетінің бұзылуы пайда болады. Сонымен қатар, сөйлеудің реттеушілік функциясында айтарлықтай зардап шегеді.

Зияты зақымдалған балаларда сөйлеудің жалпы даму құрылымы мен коммуникативтік қызметі үнемі өзгеріп тұрады. Балалар ауызша байланыс құралдарын кеш игереді. Зияты зақымданған балаларда сөйлеу қарым-қатынасы төмен қажеттілік сипатында болады. Бұл баланы сөйлеуге итермелейтін мотивтер мен коммуникативтік құралдардың болмауына байланысты. Бұндай балаларда сөйлеу интонациясы баяу іске асады. Бала жоғары сыныпқа келген кезеңде арнайы ұйымдастырылған оқу жоспарына байланысты белгілі бір дәрежедегі сөйлеудің коммуникативтік функцияларын игереді. Олар сөйлеуді күнделікті мақсатта қолдана алады, сөйлесуді қолдайды, дегенменде, олардың сөйлеуі шектеулі лексикамен, сөздерді түсінудің жетіспеушілігімен, қолданылатын сөздерді дұрыс білмеуіне байланысты болады. Балалардың жас ерекшеліктеріне, ортасына байланысты, қызығушылықтары төмендеуі, сөйлеу жүйесінің бұзылуы, мәліметтерді қажетсінбеуі негізінде қарым-қатынас пен әлеуметтік-коммуникативтік дағдылану әрекеті төмендейді. Сол себепті орташа зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін мақсатты педагогикалық жұмыстар жүргізілуі қажет. Ерте жастан қарым-қатынас жетіспеушілігі адамның болашағына, баланың әлеуметтенуіне, моральдық бейімделе алмауына «психологиялық ауытқуына», әлеуметтік рөлі мен жоғары мәдени құндылықтарды игере алмауына әкеледі. Баланың танымдық, эмоционалдық дамуында сөйлеу басты рөл атқарады, әлеуметтік өзара әрекеттесуінің негізі болып табылады, қоғамда адам мінез-құлқын реттеуші жүйе болып келеді. Балаларда сөйлеу қабілетінің жетіспеушілігі баланың барлық танымдық іс-әрекеттің дамуына, зияты зақымданған баланың әлеуметтік бейімделуіне теріс әсер етеді.

Зерттеу әдістері

Зияты зақымдалған балалардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін зерттеу саласындағы ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жасау. Диагностикалау әдістері мен тәсілдерін меңгеру. Балаларды әлеуметтік дағдыландыру, қолдау көрсету әдістерін пайдалану, нәтижесін ұсыну.

Әдебиеттерге шолу

Қарым-қатынас дағдылары – пікір білдіру, дәлелдеу, қорғау, тыңдау қабілеттері арқылы қалыптасады. Психологияда қарым-қатынас тұжырымдамасы ақпараттық қарым-қатынастың мазмұнымен тікелей байланысты. Коммуникативтік дағдылары жалпы дағдылар мен арнайы дағдылар бөліктерінен тұрады. Өз кезегінде жалпы дағдылар сөйлеу және тыңдау дағдыларына бөлінеді. Зияты зақымдалған балалардың тыңдау дағдыларымен ауызша сөйлеу дағдыларына көп көңіл бөлінеді. Әлеуметтік-коммуникативтік дағдылар байланыс процесі негізінде іске асырылады. Сонымен қатар вербальды және вербальды емес қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Мысалы: басқа адамдардың сөйлеу реакциясын сезіну, сөйлесу тәртібін, грамматикасын сақтау, өз ойын айта білу және т.б. (О.В. Заширинская, Л.М. Шипицына, 2010: 235) [6].

А.В. Мудрик коммуникативтік дағдылардың компоненттерін анықтайды:

– Серіктестік, адамдарды шынайы қабылдау (олардың көңіл-күйін, мінезін түсіну);

– Қарым-қатынас жағдайын түсіну (ережелерді білу, байланыс орната білу);

– Әр түрлі қызмет түрлерін ынтымақтастықта орындау (мақсат қою, жоспарлау, талдау). (Мудрик, 1984: 327) [8].

Г.И. Россолимо «зияты зақымдалған» балаларды зерттеу әдістерін құрастырды, бұл әдістер баланың жағдайын жеңілдетеді деп түсіндірді.

Бастауыш сынып жасындағы балалардың жеке басы мен зияткерлік қабілеті қарқынды дамиды. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің маңызды болуы әлеуметтік коммуникациямен байланысты. А.В. Запорожец, Д.Б. Эльконин және т.б. ғалымдар «балада айналасындағы адамдармен байланысы арқылы коммуникативтік дағдылары қалыптасады. Яғни, ұялуды жеңуге, басқалармен достық қарым-қатынаста болуға, бірлескен іс-әрекет жасауға көмектеседі», – дейді (Эльконин, 1998: 112) [9].

Аталмыш авторлар ересек адамның баланың коммуникативті іс-әрекетінің қалыптасуындағы рөлін, сондай-ақ ересек адаммен қарым-қатынастың баланың психикалық дамуына әсері туралы зерттеулер жасады [10, 11].

Олай болса «коммуникативтік дағды» туралы анықтамалар кесте арқылы ұсынылды:

2-кесте – «Коммуникативтік дағды» анықтамалары

№	Авторлары	Анықтамалары
1	Л.Р. Мунирова	Коммуникативті дағды – балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасын басқару білу қабілеті.
2	Л.Р. Болотина	Тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін меңгеру.
3	В.А. Тищенко	Тікелей және жанама қарым-қатынас арқылы ақпаратты дұрыс қабылдай білу, өз ойын сауатты түсіндіре білу тұлғааралық қарым-қатынастар мен коммуникативтік дағдылары қалыптасады.
4	О.М. Казарцева	Адамның іс-әрекет процесі алған білімі, дағдылары мен сөйлеу әрекеттеріне байланысты.
5	Н.А. Кварталова	Перцептивті дағдылардың өзара байланысы арқылы педагогикалық вербальды қарым-қатынас пен техникалық дағдылар қалыптасады.
6	Н.М. Косова	Адамның коммуникативті мәселелерді шешу жағдайында өз қызметін басқару қабілеті ашылады.
7	О.Н. Сомкова	Қоршаған ортада адамдармен қарым-қатынас арқылы ойын, танымдық, тұрмыстық және шығармашылық міндеттерді сәтті жүргізу.

Нәтижелер мен талқылау

Зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру әдістемесін жасауда А.К. Рсалдинова мен Л.В. Ляхованың «*Әлеуметтік тұрмыстық бейімдеу*» атты 1-4 сыныптарына арналған арнайы оқу бағдарламасын (2004 ж.) негізге алдық (Рсалдинова, 2009: 196) [12].

Зияты жеңіл формада зақымдалған балаларға арналған мектептердегі түзету сабақтары оқушылардың қоршаған ортаны тануымен өмірге және өмірлік жағдайларға бейімделуіне бағытталған. «*Әлеуметтік тұрмыстық бейімдеу*» курсы түрлі тұрмыстық жағдайлармен қазіргі өмірлік жағдаяттарға бейімделуді, өз-тұрмыстық жағдайларын ұйымдастыра алуды үйретеді.

Аталмыш бағдарлама балалардың жас ерекшеліктерін, олардың білім және іскерліктерін ескере отырып жасалған. «Әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу» сабағы «Түзету» топтамасы бойынша аптасына 1 рет өтуге жоспарланды.

- Жылына 34 сағат
- 1 тоқсан – 10 сағат
- 2 тоқсан – 5 сағат
- 3 тоқсан – 10 сағат
- 4 тоқсан – 9 сағат

Бағдарлама арнайы түзете-дамыта оқыту сыныбына құрылған.

Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау сабағы балалардың өз бетімен өмір сүруге және еңбек етуге әлеуметтік бейімделуіне даярлау және жалпы баланың жан-жақты дамуын көтеру мақсатында бағытталған тәжірибелік жұмыстармен алмас-тырылып отырады.

Сабақ оқушының өзіне-өзі қызмет етуге, үй шаруасын жүргізуге дағдылануға, өзін қоршаған ортада бағыттауға, ақыл-ойы мен дене дамуы мүмкіншілігіне қарамастан шығармашылықпен жұмыс істеуге, түрлі электрлік, тұрмыстық приборлармен жұмыс істеуге, тұрғын үйін таза ұстауға, тамақ дайындауға, киім, аяқ-киімін күтуге, түрлі транспортта еркін жүруге бағытталған. Сабақта баланың жас ерекшелігі мен жеке ерекшелігі ескеріледі.

Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау сабағында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады: рөлдік, ұжымдық, топтық, жеке, дифференциалдық-топтық, әңгімелеу, экскурсия, әңгіме-сұхбат, видеофильм, практикалық жұмыс.

Қалыптастырушы эксперимент барысында қолданылған әдіс-тәсілдер туралы мысалдар келтірейік. Әрбір сабақ балалармен амандасудан басталып отырды. Бағдарлама материалы күрделену және ақпарат көлемін ұлғайту принципіне жасалды. Тақырыптарды дәйекті зерделеу зияткерлік бұзылулары бар балаларда өзін-өзі күту, үйде ұстау, қоршаған ортаға бағдарлау үшін қажетті дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруға және жетілдіруге, сонымен қатар тәуелсіз өмірді бастай отырып, әртүрлі мәселелерге жүгінуге мәжбүр болатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелермен іс жүзінде танысуға мүмкіндік береді.

Тұрмыстық қызмет, сауда, байланыс, көлік және медициналық қызмет түрлерін пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталған бөлімдер өте маңызды. Сонымен қатар, бұл сабақтар мінез-құлықтың моральдық-этикалық нормала-

рын меңгеруге, адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, балалардың көркемдік талғамын дамытуға және т.б. «Тамақтану» өте маңызды міндеттерді шешетін маңызды бөлімдердің бірі: балалардың өмірі мен қызметіндегі тамақтанудың маңыздылығы туралы балалардың көкжиегін кеңейту; тағамның әртүрлілігі, оның емдік қасиеттері, баланың денесінің өсуі мен дамуы үшін тамақ қажеттілігі, тамақтану мәдениеті туралы білім қалыптастыру; экологиялық таза өнімді қарапайым тәсілдермен анықтау дағдыларын қалыптастыру; аспаздық рецептердің жаңа нұсқаларын жасау. Сонымен бірге жеке қасиеттерді тәрбиелеу міндеттері шешілуде: еңбекқорлық, дәлдік, шыдамдылық, табандылық; еңбек мәдениетінің элементтері: еңбекті ұйымдастыру, өнімге, жабдыққа үнемді және ұқыпты қарау, электр энергиясын пайдалану, қауіпсіз еңбек пен еңбекті қорғау ережелерін қатаң сақтау; жақсы тамақ дайындауға деген ықыласын қалыптастыру; үй жұмысына шығармашылық көзқарас; иістің, ептіліктің, жылдамдықтың дамуы; зейін, байқау, есте сақтау, тапқырлық, шапшаңдық, қиял, ұлттық дәстүрге қызығушылық.

Сабақ балалардың өзін-өзі тану және өзін-өзі растау процесін жеңілдетеді, балалардың әлеуметтік оңалуы мен бейімделуін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты оқытудың келесі әдістері мен формалары қолданылады.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, байқау, түсіндіру, жаттығулар, аналогия, презентация, иллюстрация, әңгіме, дидактикалық материалмен өздік жұмыс, жаттығулар, марапаттау, мадақтау, ойын-сауық. Рефлексия элементтері. Бұл бағдарламаның ерекшелігі – түзету жұмыстарында студенттердің өзіндік пәндік-практикалық іс-әрекеті сияқты әдісті белсенді қолдану.

Түрлері: Топ. Саралау. Кіріктірілген оқыту. Тренингтер. Семинарлар. Экскурсиялар. Карточкалармен жұмыс. Рөлдік ойын. Танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың әңгімелесу сияқты формалары болуы мүмкін. Алынған дағдыларды оқушылар өмірде, практикада, жаттығу сабақтарында қолданады.

Сабақтардың нәтижесі дұрыс сақталған идеялар мен тұжырымдамалардың болуы, сонымен қатар барлық сақталған анализаторларды ұтымды пайдалана отырып, тұрмыстық және қоғамдық жұмыстардың әртүрлерін меңгерген.

3-кесте – Оқушылардың дағдыларына қойылатын негізгі талаптар:

№	Тақырыптары	Іскерліктер мен дағдылар
1	Жеке гигиена	- таңертең және кешке гигиеналық процедураларды жүйелі түрде орындау; - тістерді, құлақты щеткамен тазалау ережелерін мерзімді түрде сақтау; қолдар мен аяқтарға күтім жасау ережелері; - теріге күтім жасау; - денені қатайту ережелерін сақтау, аяқтарды сүрту және жуу тәсілдерін қолдану және т.б.
2	Киім және аяқ-киім	- жыл мезгіліне сәйкес киімдерді таңдау; - киімге күтім жасау ережелерін сақтау; - санитарлық-гигиеналық талаптар мен ережелер білу; - түймелерді, ілгектерді, ілмектерді, ілгіштерді тігу; - тұрмыстық химикаттармен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін сақтау; - тазартқыштарды дұрыс таңдау; - үтікпен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау және т.б.
3	Тамақтану	- тамақ пісіру кезінде гигиена талаптарын сақтау; - ыдыс-аяқтарды күту үшін химиялық заттарды дұрыс қолдану; - ыдыс-аяқты жуып, тазалау; - көкөністерді өңдеу, сұрыптау ережелерін сақтау; - көкөніс тағамдарын дайындау ережесі мен реттілігін білу; - дастарханды әзірлеу; - кестені нақты мәзірге сәйкес орнату; - жеңіл салат түрлерін дайындау және т.б.
4	Отбасы	- отбасы мүшелерінің атын, әкесінің атын, тегін жаза алу; - нақты жұмыс орны мен жанұя мүшелерінің байланыс телефондарын, жұмыс орнын білу; - отбасында достық қарым-қатынас орната білу; - отбасындағы үй міндеттерін орындау және т.б.
5	Мінез-құлық мәдениеті	- қоғамдық орындар туралы, олардың мақсаты мен түрлерін білу; - таңғы, түскі және кешкі ас кезінде тәртіп ережелерін сақтау; - театрдың негізгі ғимараттарын, олардың мақсатын білу және т.б.
6	Тұрғын үй	- қонақ бөлменің гигиеналық талаптарын сақтау; - үй өсімдіктерінің мақсатын білу; - үй өсімдіктеріне күтім жасау; - құрғақ және дымқыл тазалау; - таза емес сөрелер, шкафтар, батареяларды тазалау және т.б.
7	Көлік	- көлік түрлерін, олардың мақсатын білу; - қалааралық көлікті пайдалану ережелерін сақтау; - қалалық көлік кестесін білу; - қажетті маршрут бойынша көлік билеттерін сатып ала алу; - маршруттың түріне байланысты билеттің құнын білу; - қоғамдық көліктерде жүріс-тұрыс ережелерін сақтау және т.б.
8	Сауда	- сауда түсінігі, дүкен түрлері, олардың мақсатын білу; - тауарларды сатып алу ережелерін сақтау; - тауардың құнын білу; - тауарларды таңдап, сатып алу, төлем туралы білу және т.б.
9	Байланыс жасау	- қатынас түсінігі, олардың түрлері мен мақсатын білу; - ұялы телефоннан ата-анасына немесе жақын адамдарына хабарламалар жібере алу және т.б.
10	Медициналық жәрдем көрсету	- алғашқы медициналық көмек туралы білу; - алғашқы медициналық көмек көрсете білу; - жараға таңғыш салу ережесі мен реттілігін білу және т.б.


4-кесте – «Әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу» курсының оқу-тақырыптық жоспары (2-4 сыныптар):

№	Тақырыптар	Сыныптар бойынша сағат сандары		
		2 сынып	3 сынып	4 сынып
1	2	3	4	5
1	Жеке гигиена	4	4	4
2	Киім және аяқ-киім	5	3	2

1	2	3	4	5
3	Тамақтану	6	5	5
4	Отбасы	3	3	3
5	Мінез-құлық мәдениеті	3	6	6
6	Тұрғын үй	3	3	3
7	Көлік	4	3	3
8	Сауда	3	2	3
9	Байланыс жасау	4	2	2
10	Медициналық жәрдем көрсету	-	4	4
	Барлығы:	35	35	35

Эмпирикалық зерттеу жүргізу барысында келесі әдістемелік құралдар қолданылды, оның ішінде: Балалардың коммуникативті белсенділігінің даму деңгейін анықтау әдістемесі (М.И. Лисина бойынша), «Туған күн» бейімделген әдістемесі (М.А. Панфилова бойынша), «Қолғаптар» әдістемесі (Г.А. Цукерман бойынша). Экспериментке 4 сынып оқушылары, бақылау тобы (30 бала), тәжірибелік тобы (30 бала) қатысты.

Анықтаушы эксперименттің бірінші кезеңінде балалардың коммуникативті белсенділігінің даму деңгейін анықтау әдістемесі (М.И. Лисина бойынша), оқушының ересек адаммен қарым-қатынас жасаудың үш формасының қайсысы жетекші екені анықталды. (Лисина, 1997: 156) [13]. Тәжірибе нәтижелері 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. «Балалардың коммуникативті белсенділігінің даму деңгейін анықтау» әдістемесінің нәтижелері (М.И. Лисина бойынша) (анықтау эксперименті)

Диаграммада келтірілген мәліметтерден балалардың көпшілігі үшін ситуациялық және іскерлік ересектермен қарым-қатынастың жетекші формасы болып табылатындығын көруге болады. Балалар үшін ересек адамдар іс-шараларды жүзеге асыруға көмекші рөл атқарады, нысандар мен іс-әрекеттерді қалай жүргізу керектігін көрсетеді, балаға іс-әрекет жасауды үйретеді.

Бала бәрін ересек адаммен талқылауға тырысады, оған қазіргі уақытта оны қызықтыратын сұрақтар қою, ересек адамның бағалауы ол үшін маңызды.

Адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қызығушылықпен сипатталатын ситуациялық емес – жеке қарым-қатынас түрі адамдар арасындағы қарым-қатынасты дамытудың келесі

қадамы болып табылады. Зерттеуіміздің келесі кезеңінде «Туған күн» бейімделген әдістемесі (М.А.Панфилова) бойынша баланың қарым-қатынас қажеттілігін анықтау, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста оның эмоционалды қалауларын анықтау жүргізілді (Панфилова, 2001: 160) [14].

Тәжірибе нәтижелері бойынша мына көрсеткіштер анықталды:

1) 100%-дың тек 30%-ы кең шеңберде араласуға тілек білдірді. Балалар үстелге сәйкесінше 20, 20 және 40 орынды қосты 50 бала (100%-ның 50%) жақын адамдармен жақын қашықтықта араласқысы келеді (үстелдегі барлық орындар қолданылмаған), ал 20 бала (100%-ның 20%) тәжірибе алмасады қарым-қатынас қажеттілігі (олар өздерінің сүйікті ойыншықтарын үстелге орындықтарға қояды). Экспериментатордың «Сіз үстелге басқа қонақтарды шақырасыз ба?» деген сұрағына балалар теріс жауап берді.

2) 100% зерттелушілердің тек 30%-ы кең шеңберде сөйлесуге ынтасын білдірді. 100%-ның 50%-ы жақын адамдармен жақын қашықтықта араласқысы келеді (олар үстелдегі барлық жерлерді пайдаланбаған), ал 100%-ның 20%-ы қарым-қатынасқа мұқтаж емес (олар өздерінің сүйікті ойыншықтарын орындықтарға қояды). Экспериментатордың «Сіз үстелге басқа қонақтарды шақырасыз ба?» деген сұрағына балалар теріс жауап берді.


3) 100% оқушылардың 60%-ында ересектерді суреттегі орындыққа отырғызбады, 20%-ы

орындыққа мүлдем отырғызылмады, 20%-да олар бөлек орындыққа отырғызылды. «Ересектер үстелге отыра ма?» деген сұраққа барлық оқушылар теріс жауап берді. Бұл оқушылардың көпшілігі (80%) ересектермен жақын қарым-қатынаста емес, сенбейтіндігін көрсетеді. Басқаша жағдайда түсіндірсек, бұл отбасында қалыптасқан дәстүр болуы да мүмкін. Эксперимент басталар алдында экспериментке қатысушылар туралы мерекелік іс-шараларды өткізу тәртібі туралы идеяларды анықтау мақсатында әңгіме өткізілді.

4) 100% балалардың 20%-ы үстелдегі үлкен орындықты таңдады. Қалған 80%-ы қонақтар сияқты орындықты таңдады. Үлкен орындықты таңдау сыныптағы лидерлікті немесе көшбасшылықты білдіреді. Біздің байқауларымызға сәйкес, бұл балалар шынымен де физикалық дамудың, командалық қарым-қатынас стилінің арқасында сыныпта бейресми көшбасшы болып табылады.

Эксперименттің соңғы кезеңінде ерекше қажеттіліктері бар бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларының даму деңгейі қандай екенін анықтадық (Г.А.Цукерманның «Қолғаптар» әдістемесі бойынша). Оқушылар эксперимент жүргізу үшін екі адамнан тұратын 5 топқа бөлінді. (Цукерман, 2003: 128) [15].

Эксперимент барысында бірде-бір оқушының қарым-қатынас дағдылары жоғары деңгейде емес екендігі анықталды (2-сурет).



2-сурет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар 4-сынып оқушыларының коммуникациялық дағдыларының деңгейлері (анықтау эксперименті)

60% оқушылардың қарым-қатынас дағдыларының орташа деңгейін көрсетті, бірақ сурет салу кезінде өзіндік дизайннан ауытқулар байқалды. Ересек балалардың назарынсыз балалардың бір-бірінен өзгеше екендігіне назар аударған кезде оқушылар суреттеріндегі айырмашылықтарды табуға тырысты. Айырмашылықтар табылған кезде оқушылар тағы да сурет салғысы келетіндерін талқылап, жұмысын жалғастырды. Жұмыстың соңына дейін балалар өздерінің қолғаптары бір-бірінен ерекшеленбейтіндей етіп қарады. Нәтижесінде 2 бірдей сурет алынды.

Балалардың 40%-ында коммуникативтік дағдылар өте төмен екені анықталды, бір топта оқушылар қолғапта не бейнеленгенін өзі шешсе, екінші оқушы сол үлгіні оның қолғабынан көшірді. Яғни, балалар келісу үшін сөйлеу құралдарын пайдаланбады, досының пікірін ескеруге тырыспады.

Тәжірибелік топтың балалары Г.А. Цукерманның «Қолғаптар» әдістемесі бойынша суреттің үлгісін салуда өзара келіспеушіліктерге тап болды. Нәтижесінде – екі түрлі сурет шықты. Келесі бір топ тапсырманы орындай алмады. Балалар бір-бірін көндіру арқылы не салу керектігі туралы ортақ шешімге келді. Алайда, суреттер бір-біріне ұқсамады, өйткені, оқушылар келіскендерін сызбады.

Зиятында жеңіл зақымдануы бар балалардың коммуникативті қарым-қатынасын зерттеу нәтижелері көрсеткендей, балалардың көпшілігінде коммуникативті қарым-қатынас дағдылары серіктесінің көңіл аудармауымен сипатталады; алдамаудың орташа деңгейінде, бір-бірінің эмоцияларына теңдей баға бермейді. Балалар (30%) құрдастарымен сөйлескісі келеді, бұл эксперимент нәтижесінде анықталды.

Эксперимент нәтижелері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда оқу процесінде коммуникативті байланыстың қажеттілігі мен қолданылуын арттыру бойынша бағытталған жұмысты ұйымдастыру және жүргізу қажеттілігін айқын көрсетті.

Зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша 4-сыныптарда жүргізілген зерттеулер біз ұсынған «Әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу» курсының оқу-тақырыптық жоспары негізінде жүзеге асты. Соның ішінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын әрекеттерін қолдануға тырыстық. Себебі, ойын – бұл балалар іс-әрекетінің бір түрі, оны ересектер мектеп оқушыларын тәрбиелеуде қолданады, оларға

объектілерді, әдістерді және байланыс құралдары мен әртүрлі әрекеттерді үйретеді. Ойын барысында бала тұлға ретінде дамиды, оның психикасы оның жаттығулары мен жұмысының сәттілігіне, адамдармен қарым-қатынасына байланысты болатын жақтары қалыптасады.

Қорытынды

Көрнекті гуманист және педагог Януш Корчак өзінің «Баланы қалай сүю керек» еңбегінде нағыз мұғалім «Нағыз тәрбиеші бұғау салмайды, еркіндік береді; басымдық көрсетпейді, мақтап-мадақтайды; намысына тимейді, қалыптастырады; бұйырмайды, үйретеді; талап етпейді, сұрайды; балалардың қиналған сәтінде олармен бірге күйзеліске түседі» деген болатын [16].

Зияты зақымдалған балалармен жұмыс жасайтын мұғалім де дәл солай болуы тиіс. Осыдан төрт жүз жыл бұрын өмір сүрген, дидактиканың негізін салушы, педагог-гуманист Ян Амос Коменский: «Алдымен сүю, содан кейін үйрету» деген болатын. Баланы кішкентай күнінен сүюге үйрету керек, өйткені махаббат пен сыйластық адамның ішкі дүниесінде және қоршаған ортасында да тыныштық пен үйлесімділікті орнатады. Біздің тәрбиеленушілеріміз әрбір жаңа күнді өз айналасына мейірімді, жағымды жағдай тудыратын жымиюдан бастауы өте маңызды. Зияты зақымдалған балалардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы қиындықтар: шектеулі қарым-қатынас шеңбері, нашар әлеуметтік тәжірибе, интеллект пен эмоционалды-ерікті сфераның дамымауы, өзіне деген көзқарас, қарым-қатынас, жағдай барлық сөйлеу компоненттерінің дамымауы (фонемикалықтан семантикалық деңгейге дейін), болмауы, сөйлеу бастамасы, сөйлеу құралдарының жетіспеушілігі.

Оқушылардың коммуникативті белсенділігінің күшеюі балаларды жігерлі, мақсатты қарым-қатынасқа шақыру процесін қамтиды. Ауызша қарым-қатынасты дамытуда зияты зақымдалған балалардың келесі мүмкіндіктеріне сүйену керек:

- әлеуметтік қатынастарда бағдарлау мүмкіндігі және оларға қосылу мүмкіндігі;
- шоғырлану және басқалардың көмегіне жауап беру мүмкіндігі;
- сөйлеуді қабылдау;
- еліктей білу;
- әңгімедегі тәртіпті ұстану;
- қарым-қатынас дағдыларын күнделікті өмірде қолдана білу.

Зияты зақымдалған балаларды әлеуметтендіру үшін келесі коммуникациялық дағдылар қажет:

- ынтымақтастық;
- тыңдау және тыңдай білу;
- ақпаратты қабылдау және түсіну (өңдеу);
- шынайы сөйлесу.

Зияты зақымдалған балалардың коммуникативті дағдыларын игеру процесі ұзаққа созылады және мұғалімнің тікелей араласуын талап етеді. Мұғалімде бұл бағытта сыныпта да, сабақтан тыс уақытта да, жеке және топтық сабақтарда да жұмыс істеу мүмкіндігі бар. Кешенді және жүйелі жұмыс оң нәтиже береді.

Әдебиеттер

1. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность / Отв. ред. Т. П. Толстова. – М.: Смысл, 2004. – 352 с.
2. Специальная педагогика: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования / [Н. М. Назарова, Л. И. Аксенова, Т. Г. Богданова, С. А. Морозов]; под ред. Н. М. Назаровой. – 11-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2013. – 384 с.
3. Специальная психология: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. И. Лубовский, Т. В. Розанова, Л. И. Солнцева и др.; Под ред. В. И. Лубовского. – 2-е изд., испр. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 464 с.
4. Максимова, А. А. Основы педагогической коммуникации: учебно-методическое пособие / А. А. Максимова. – Орск: Издательство Орского гуманитарно-технологического института (филиала) ОГУ, 2012. – 170 с.
5. Каган, М. С. О времени и о себе / М. С. Каган. – СПб., 1998. – С. 109.
6. Азбука общения, Развитие личности ребенка, навыков общения со взрослыми и сверстниками, для детей от 3 до 6 лет / Шишицына Л.М., Заширинская О.В., Воронова А.П., Нилова Т.А., 2010.
7. Андреева Г. М. Социальная психология [Текст] / Г. М. Андреева. – М.: МГУ, 1994. – 324 с.
8. Мудрик, А. В. Общение как фактор воспитания школьников [Текст] / А. В. Мудрик. – М.: Педагогика, 1984. – 327 с.
9. Эльконин Д.Б. Развитие устной и письменной речи. – М.: Интор, 1998. – 112 с.
10. Trenholm, S. Interpersonal Communication / S. Trenholm, A. Jensen. – Oxford: University Press, 2004. – 434 p.
11. Newman, R. S. Social influences on the development of childrens adaptive help seeking: The role of parents, teachers and peers / R. S. Newman // Development Review. – Vol. 20. – Issue 3. – 2000. – P. 350-404
12. Рсадинова А.К. Ручной труд. 0, 1-3 классы //Тип. спец. образов. программы школ и спецклассов для детей с нарушением интеллекта. Сб. 4. – Алматы: ОО Центр САТР, 2009. – 196 с.
13. Лисина М. И. Общение, личность и психика ребенка / Под ред. А. Г. Ружской. – М.: Институт практической психологии; Воронеж: МОДЭК, 1997.
14. Панфилова, М. А. Игротерапия общения: Тесты и коррекционные игры [Текст] / М. А. Панфилова. – М.: ГНО-Мид, 2001. – 160 с.
15. Цукерман Г. А., Поливанова К. Н. Введение в школьную жизнь. Программа адаптации детей к школе. – 2-е изд., испр. – М.: Генезис, 2003. – 128 с. – (Психологическая работа с детьми.)

References

- Andreyeva G. M.(1994) Sotsial'naya psikhologiya[Tekst] [Social psychology [Text]] [Tekst] .Moscow State University p. 324 (in Russian)
- El'konin D.B.(1998) Razvitiye ustnoy i pis'mennoy rechi[The development of oral and written speech].Moscow.Publishing house Intor, p. 112(in Russian)
- Kagan M. S.(1998.) O vremeni i o sebe[About time and about myself] . Saint-Petersburg,p. 109. (in Russian)
- Leont'yev A. N.(2004) Deyatel'nost'. Soznaniye. Lichnost'[Activity. Consciousness. Personality]. Moscow: Smysl[Meaning], p.352 (in Russian)
- Lisina M. I. A. G. Ruzskoy(1997) Obshcheniye, lichnost' i psikhika rebenka[] / Pod red. A. G. Ruzskoy. Moscow: Institut prakticheskoy psikhologii[Institute of Practical Psychology]; Voronezh: Publishing house MODEK. (in Russian)
- Maksimova A. A.(2012) Osnovy pedagogicheskoy kommunikatsii: uchebno-metodicheskoye posobiye[Fundamentals of pedagogical communication: teaching aid]. Orsk: Izdatel'stvo Orskogo humanitarno-tekhnologicheskogo instituta (filiala) OGU[Publishing house of the Orsk Humanitarian-Technological Institute (branch) OHU], p.170 (in Russian)
- Mudrik, A. V.(1984) Obshcheniye kak faktor vospitaniya shkol'nikov [Tekst][Communication as a factor in the education of schoolchildren [Text]].Moscow. Pedagogika[Pedagogy], p. 327(in Russian)
- N. M. Nazarova, L. I. Aksenova, T. G. Bogdanova, S. A. Morozov (2013)Spetsial'naya pedagogika: uchebnik dlya stud. uchrezhdeniy vyssh. prof. obrazovaniya[Special Pedagogy: a textbook for students. institutions of higher prof. education]. Moscow: Izdatel'skiy tsentr[Publishing house] «Akademiya». p. 384 (in Russian)
- Newman, R. S. Social influences on the development of childrens adaptive help seeking: The role of parents, teachers and peers / R. S. Newman // Development Review. - Vol. 20. - Issue 3. - 2000. - P. 350-404
- Panfilova, M. A. (2001)Igoterapiya obshcheniya: Testy i korrektsionnyye igry [Tekst][Game therapy of communication: Tests and correctional games [Text]]. Moscow : Publishing house GNOMiD, p.160 (in Russian)

Rsaldinova A.K.(2009) Ruchnoy trud. 0, 1-3 klassy //Tip. spets. obrazov. programmy shkol i spetsklassov dlya detey s narusheniym intellekta Sb.4 [Manual labor. 0, 1-3 classes //Type. specialist. images. programs of schools and special classes for children with intellectual disabilities proceedings.4].Almaty: Publishing house OO Tsentri SATR, p.196 (in Russian)

Shipitsyna L.M., Zashchirinskaya O.V., Voronova A.P., Nilova T.A.(2010) Azbuka obshcheniya, Razvitiye lichnosti rebenka, navykov obshcheniya so vzroslymi i sverstnikami, dlya detey ot 3 do 6 let[ABC of communication, Development of the child's personality, communication skills with adults and peers, for children from 3 to 6 years old] (in Russian)

Trenholm, S. Interpersonal Communication / S. Trenholm, A. Jensen. – Oxford: University Press, 2004. – 434 p. (in Russian)

Tsukerman G. A., Polivanova K. N.(2003)Vvedeniye v shkol'nyuyu zhizn'. Programma adaptatsii detey k shkole. [Introduction to school life. The program of adaptation of children to school].Moscow:publishing house Genezis, 2003. — p.128 (in Russian)

V. I.Lubovskiy, T. V. Rozanova, L. I.Solntseva(2005) .Spetsial'naya psikhologiya: Ucheb. posobiye dlya stud. vyssh. ped. ucheb. Zavedeniy[Special psychology: Proc. allowance for students. higher ped. textbook institutions]. - M.: Izdatel'skiy tsentr[Publishing house] «Akademiya», vol.2 p. 464 (in Russian)